



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№34 (1946) 7 ҚАЗАН 2024 ЖЫЛ

ҚазҰУ үздік деп танылды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия және Еуропа ЖОО-лары арасында бірінші және үздік университет болып танылды.

Бұл жөнінде Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі (АПА) жүргізген IAAR Eurasian University Ranking (IAAR EUR) 2024 университеттердің халықаралық рейтингінің қорытындысында жарияланды.

Көшбасшылар үштігіне Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ош мемлекеттік университеті және Ресей биотехнологиялық университеті кірді. IAAR EUR халықаралық

рейтингі жоғары оқу орындарын төрт индикатор негізінде бағалайды: білім сапасы (20%), жоғары оқу орнының ғылыми әлеуеті (30%), жоғары оқу орнының халықаралық білім беру кеңістігіне кірігуі (20%), жоғары оқу орнының академиялық беделі (30%).

ҚазҰУ-дың жоғары рейтингке қол жеткізуі әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу нәтижесі, сондай-ақ басшылықтың, оқытушылардың, ғалымдар мен білім алушылардың қарқынды жұмысының нәтижесі болып табылады.

Гүл
ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Түркі мемлекеттілігі тарихының II конгресі өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Түркі мемлекеттілігі тарихының II конгресіне қатысты.

II конгресі өтті

Ғолия Ғылым академиясының вице-президенті Цэгмид Цэрэндорж, ҚР ҒЖБМ ҒК Жошы ұлысын ғылыми-зерттеу институтының директоры Жақсылық Сәбитов, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Моңғолия, Ресей, Болгария және т.б. мемлекеттерден келген түркітанушы ғалымдар жиналды.

«Шыңғыс әулеті түркі халықтарының мемлекеттілігі» тақырыбындағы конгресс Жошы ұлысының 800 жылдығы мен оның мұрасын зерттеуге арналды.

Іс-шараның ашылуында Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев сөз сөйледі.

Жалғасы 2-бетте

Ауқымды іс-шараға Түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев, Түрік тарих қоғамының президенті Юксел Өзген, Түркі мемлекеттері ұйымының Мажарстандағы атқарушы директоры Иштван Вашари, Моң-

Студенттер қалашығында 3 сайлау учаскесі жұмыс істеді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанда атом электр станциясын салу жөніндегі республикалық референдумда дауыс беру үшін 3 сайлау учаскесі жасақталып, жұмыс істеді.



тін адам саны – 3579. Оның ішінде 2720-сы – ҚазҰУ студенттері.

Барлық сайлау учаскесі

қажетті материалдармен және атрибуттармен қамтамасыз етіліп, безендірілді. Әрқайсысында дауыс берушілер үшін толық ақпарат болды.

Университетте орналасқан сайлау учаскелерінде бекітілген тізім бойынша жергілікті тұрғындар мен ҚазҰУ ұжымы, сондай-ақ студенттер саяси науқанға белсенді қатысып, өз таңдауларын жасады.

Нұрсултан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



2-бет

Түрік академиясы делегациясымен кездесу



4-бет

Фараби университеті – ұлттық ойлау жүйесінің алтын ұясы



7-бет

Учебные сборы студентов военной кафедры



Түрік академиясы делегациясымен кездесу

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Түрік академиясының делегация құрамы арнайы сапармен келді. Сапар аясында қонақтар университеттің инфрақұрылымы және білім беру мүмкіндіктерімен танысты. Делегация құрамы ҚазҰУ-дың инновациялық хаб, Фараби кітапханасы және басқа да кампустың негізгі нысандарын аралады.

Сапар барысында академиялық ынтымақтастық, тәжірибе алмасу және ҚазҰУ мен Түрік академиясы арасындағы бірлескен



жобалардың келешегі талқыланды. Іссапар халықаралық ынтымақтастықты нығайту, ғылыми өзара іс-қимыл көкжиегін кеңейту және екі елдің ғылыми-білім беру мекемелері арасында білім алмасу үшін платформалар құру жолын-

дағы маңызды қадам болмақ. Сапар соңында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Ж.Түймебаев Түрік академиясының делегация құрамымен арнайы кездесті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде II халықаралық «Мұра институттары қоғамды орнықты дамыту жолында» архившілер конгресі аясында «Архившілердің кәсіби білімі мен дамуы» тақырыбындағы диспут-сессиясы өтті.

Ауқымды шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Иордания Ұлттық кітапханасының бас директоры Нидал Ибрахим, Ұлыбритания Ұлттық архиві Білім және ағарту басқармасының басшысы Эндрю Пэйн, Литва Республикасындағы Каунас облыстық мемлекеттік архивінің директоры Гинтарас Дручкус, үздік сарапшылар, ЮНЕСКО өкілдері, Еуропа одағының мамандары мен ТМД елдерінің жетекші ғалымдары қатысты.

Архив ісі саласы мәселелері қозғалды



Биыл Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің құрылғанына – 30 жыл. Жиында қатысушылар архив ісін бірлесіп дамыту жөнінде пікір алмасып, тәжірибелерімен және идеяларымен бөлісті. Негізгі мақсат – тарихи-мәдени, құжаттық мұраны сақтаудың өзекті мәселелері бойынша кәсіби қоғамдастықпен сындарлы диалог

құру. Бұл мұрағаттарды дамытудың инновациялық идеяларын қалыптастыруға және үздік архивтік тәжірибені таратуға ықпал етеді. Іс-шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, оқу ордасында архив ісі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ өз сөзінде ректор білім ордасында жыл сайын аталған салаға қажетті мамандар даярланып жатқанын айтты.

Сонымен қатар халықаралық жиында Польша, Ресей, Өзбекстан, Литва және т.б. мемлекеттен келген ғалым-сарапшылар сөз сөйлеп, архив ісі саласын дамыту бағытында түрлі ой-пікірлерін ортаға салды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Түркі мемлекеттілігі тарихының II конгресі өтті

Соңы. Басы 1-бетте

дың бәрі Жошы ханның ұрпақтары. Біздің ортақ тарихымызды зерттеуге арналған осындай іс-шаралар түркі елдерінің бірлігін нығайтуға ықпал етеді. Осы бағыттағы жүргізілетін болашақтағы зерттеулер мен ізденістер Жошы ханның тұлғалық болмысын одан әрі нақтылай түспек. Тақырыптық сессияларда жан-жақты талқылаулар, пікір алмасулар өтіп, маңызды шешімдер қабылданынына сенімдімін», – деді Жансейіт Түймебаев.

Халықаралық жиынның қорытындысы бойынша қатысушылар түркі мемлекеттілігінің тарихын зерттеудегі негізгі бағыттар бойынша бірқатар маңызды шешімдерді қарастырды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Ол форумның мақсаты – түркі мемлекеттерінің тарихы бойынша зерттеулерді жандандыру және тереңдету, сондай-ақ аталған саладағы ғылыми ынтымақтастықты ілгерілету екенін атап өтті.

Өз сөзінде ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қазақ мемлекеттілігі тарихының бастауына тоқталып, Жошы хан мен Жошы ұлысы қазақ халқының тарихында ерекше рөл атқаратынын баса айтты.

«XV-XIX ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандары Жошы ханның тікелей ұрпақтары болып келеді. Керей мен Жәнібек хандардан бастап, Кенесары ханға дейінгі Ұлы дала аумағындағы саяси тұлғалар-

Туркологтармен бірлесіп жұмыс істеуге уағдаласты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Туваның жаңа зерттеулері» журналының бас редакторы Ламажаа Чимизаны және Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университетінің профессоры Ұлданай Бахтыкереваны қабылдады.

Ректор құрметті қонақтарға илтипат білдіре отырып, арнайы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жұмыс сапарымен келгені үшін алғысын білдірді.

Өз кезегінде Ламажаа Чимиза «Туваның жаңа зерттеулері» ғылыми журналының тұжырымдамасын және жұмыс жоспарын жан-жақты таныстырды. Сонымен қатар басылымның Туваның ғылыми қауымдас-

тығын дамытудағы және халықаралық зерттеулерді ілгерілетудегі маңызды рөлі туралы айтты.

Кездесуде Ұлданай Бахтыкереева университеттегі филолог мамандармен және турколог ғалымдармен бірлесіп жұмыс істеуге әрқашан дайын екенін жеткізді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Үздік оқытушы-ғалымдарға құрмет көрсетілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күніне орай, оқу ордасының оқытушы-ғалымдарымен кездесу өткізді.



Жиында оқу ордасының басшысы ҚазҰУ ұжымын құттықтап, университетте атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталды.

«Биыл алғаш рет атап өтіліп жатқан атаулы күн баршамыз үшін ортақ мереке. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да 3000-ға жуық оқытушы-профессор табысты еңбек етіп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылым мен жоғары білімді дамыту ісіне айрықша көңіл бөлуде. Сондықтан біз бәсекеге қабілетті болу үшін білікті мамандарды

даярлап қана қоймай, университетті ғылымды дамытуға баса мән беруіміз қажет», – деді ректор.

Жүздесуде ректор Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің шешімімен ғылымда үздік нәтиже көрсеткен бірқатар оқытушы-ғалымдарға арнайы төсбелгілер мен Құрмет грамотасын табыстады.

Атап айтқанда «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі доцент Бибігүл Қылышбаеваға, «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі

үшін» төсбелгісі аға оқытушы Еділ Нояновқа берілді. Ал «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі доцент Нұрзипа Алпысбаеваға, Археология, этнология және мұражайтану кафедрасының меңгерушісі Ринат Жұматаевқа, профессор м.а. Зарина Инеловаға, профессор м.а. Шолпан Маликоваға, профессор м.а. Зейнәбіл Айдарбековқа табысталды.

Сонымен қатар доцент Әнуар Тарақ «Тіл жанашыры» дипломымен марапатталса, профессор м.а. Ержан Келесұлына «Ғылым үздігі» дипломы берілді. Ләззат Сәрсенова, Жазира Қожабергенова мен Маржан Айтбаева «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі» атанды.

Мереке қарсаңында аға оқытушы Ақмарал Иманбаева мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінің директоры Мәдина Аппақова ҚР ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал аға оқытушы Гүлшат Әмірханова және Бибігүл Айдароваға министрдің алғыс хаты табыс етілді.



Қайраткер түлектер мақтанышымыз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман және жазушы, филология ғылымының докторы, абайтанушы, алаштанушы Тұрсын Жұртбаймен кездесті.

Қос руханият жанашыры ҚазҰУ-ды бітіргендеріне 50 жыл болған салтанатты шараға қатысу үшін арнайы оқу ордасына келген.

Университет басшысы Жансейіт Түймебаев Жүрсін Ерман мен Тұрсын Жұртбайға «Ерен еңбегі үшін» алтын медаль табыстап, қаламгерлердің ұлттық мәдениет пен руханиятты дамытуға қосқан елеулі еңбектерін айрықша атап өтті.

«Сіздер оқып, білім алған ҚазҰУ қазіргі таңда дамып, гүлденіп келеді. «Елу жылда –

ел жаңа», биыл оқу ордасына – 90 жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен ҚазҰУ қалашығын жаңғыртудың екінші кезеңі қолға алынып, жаңа құрылыстар бастау алды. Бүгін өздеріңіз университетке келіп, тыныс-тіршілігімен танысып, жастармен пікірлестіңіздер. Университет өздеріңіздей қайраткер түлектерін әрдайым мақтан тұтады», – деді ректор.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Сенбілікте кампус аумағы тазартылды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру аясында ұйымдастырылған жалпыуниверситеттік сенбілік өтті. Сенбілікке 16 факультеттің оқытушылары мен студенттері және университет қызметкерлері қатысты. Барша қатысушылар кампус аумағын тазалап, жасыл аймақтар мен гүлзарларды ретке келтірді.

Бұл шара кампусты абаттандыруға ықпал етіп қана қоймай, университеттің жаһандық тұрақты даму бастамаларын қолдаудағы рөлін көрсетті.

Сенбілікке қатысушылар осындай бастамалар арқылы қоршаған ортаны жақсарту білім алу мен жұмыс жасауға қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығын түсініп, белсенділік танытты.

Шараны ұйымдастырушылар сенбілік университеттің сыртқы келбетін жақсартуға ықпал етіп қана қоймай, жас-

тарды қоршаған табиғаттың тазалығын сақтау үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелейтінін атап өтті. Жалпы университеттік сенбілік университеттің оқу үдерісі мен күнделікті тәжірибедегі ТДМ интеграциялау жөніндегі стратегиясын іске асырудағы маңызды қадам болды.

Сенбілік жұмыстары «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына ұйымдастырылды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Жәрмеңкеде тауарлар қолжетімді бағада ұсынылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде күзгі жәрмеңке ұйымдастырылды.

Тұрақты даму мақсаттарының екінші, он бірінші және он жетінші бағытын іске асыруға арналған іс-шараға университет басшылығы және қызметкерлер, оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Жәрмеңкеде студенттер мен оқытушылар ауылшаруашылық тауарларды, азық-түлік өнімдерін, қолөнер бұйымдарын және т.б. қажетті заттарды қолжетімді бағада сатып алды. Университеттің шебер студенттері келушілерге өз қолдарынан жасаған ерекше қолөнер бұйымдарын ұсынды.

«Қазақ кілемі түкті және тақыр болып екіге бөлінеді. Бүгін ҚазҰУ-дағы жәрмеңкеге өзім тоқыған тақыр кілемді әкеліп отырмын. Осы салада еңбек өтілім – 56 жыл. Әл-Фараби



атындағы ҚазҰУ-дағы жәрмеңкеге жыл сайын қатысып келемін. Мақсат – жастарға қазақ кілемі туралы ақпарат беру, олардың назарын аудару және студенттерге кілем тоқу әдісін үйрету», – дейді кәсіпкер Роза Үйсінбаева.

Жексенбілік мереке Қазақстан Республикасы жоғары білім қызметкерлері күні, Халықаралық қарттар күні, Мұғалімдер күніне орайластырылды.

Күзгі жәрмеңке барысында студент жастар үшін «Ақсүйек» ойыны ұйымдастырылып, қызықты әрі көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Спорттық іс-шара салауатты өмір салтын ұстануға, денешынықтыруды насихаттауға үндейді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

– Біздің Қазақ ұлттық университетін бітіргенімізге 50 жыл болып қалыпты. Ол кезде оқуға 53 жас түскен едік, курстастарымыздың 29-ы бұ дүниеден өтіп кетті. Марқұмдардың жатқан жері жайлы болсын... Биыл біздің түлеп ұшқан университетімізге 90 жыл толып жатыр екен. Бұл үлкен оқиға. Осы уақыт ішінде оқу ордасы алып университетке айналды. Жұмыстарыңызға жеміс тілейміз. Құрметті Жансейіт Қансейітұлы, бізді қабылдап, сыйсыяпат жасап, марапат беріп жатқаныңызға Алла риза болсын. Қара шаңырақ ҚазҰУ-ымыз жаңарып, жасара берсін деген тілек айтқым келеді.



Тұрсын ЖҰРТБАЙ, жазушы, филология ғылымының докторы:

Фараби университеті – ұлттық ойлау жүйесінің алтын ұясы

Негізі, оқу орны адамның саналы ғұмырының мағынасын арттырады. «Елу жылда – ел жаңа» дейді біздің халқымыз. Осы уақыт аралығында бір адамның өмірінде екі мемлекет ауысып қана қоймай, сана, көзқарас, білім, талап өзгерді. Біз оқыған кезде осы қазір университет орналасқан аумақ қалың бұта, тоғай болатын. Білім алушылар үнемі тазалап, арық атаулыны аршып, қураған ағашты кесіп, күтім жасайтынбыз. Оқу ордасынан білім алған тұста университетте 14 мың студент болса, қазір 27 мың студент білім алады екен. 500-ден аса білім бағдарламалары бойынша маман иелерін дайындайды екенсіздер. Бұл – заманмен, қоғаммен тең басып ілгерілеу деген сөз. Байқап отырмыз, білім ошағының материалдық-техникалық мүмкіндіктері де, жабдықталуы да жан-жақты өсіп жатыр екен. Осындай тың жаңалықтарды есту, көру – біз үшін үлкен қуаныш. Енді Фараби университеті алдағы 50 жылдықта Әбу Насыр әл-Фараби оқып, білім алған Дамаскі шырағындай жарқырайды деген сенімдемін.

Бұл университет менің бүкіл өмірлік мақсат-мұратымды, жолымды ашқан білім ордасы. Көпшілікпен танысуға, жұртпен араласуға, оқу мен адамгершілік дәрежесін игеруге ықпал еткен осы университет. Әлі күнге дейін есімде, біз мұнда араб тілінде оқыдық. Тек араб тілінде оқымыз деп, бір ай бойы сабаққа бармағанымызды ұмыта қойған жоқпын. Басшылық біздің талабымызды орындап, араб тілін ашқан болатын, соның нәтижесінде біз сирек қордың еңбектерін оқитын болдық. Бірінші курс оқып жүрген кезімде В.И.Лениннің 100 жылдығы келіп қалып, курстық жұмыс ретінде сол кісінің еңбегі туралы жаз деген тапсырма түсті. Мен бұл тақырыпты алмай, «Айқап» журналындағы публицистика» деген тақырыпты қаузап, қазақтың жері, тіл, діл мен дін мәселесін көтерген зерттеу мақаламды жаздым. Содан не керек, жазғы сессия кезінде өзіміздің Ғалия Ибраева «Жұртбаев, сен қайда жүрсің? Байқауда жеңімпаз атанып, 15 сом ақшалай сыйлық ұтып алдың» дегенде, таңтамаша болғаным бар. Сөйтсем, менің еңбегімді, жазып

келген қолжазбамды байқауға жіберіп жүрген ұстазым Қайыржан Бекқожин екен. Оны кейін білдім. Содан ұстазым Қайыржан Нұрғожаұлы күздің бір күнінде мені өзіне шақырды. Біз оны «ақ бас бұра» дейтінбіз. Алдына барып едім, амандық-

саулықтан кейін: «Сен осы ақынсың ба?» – деді. «Иә, ақынмын» дедім. «Ақындар ақымақ келеді. Ана Сырбайды білесің ғой, ақын ғой. Ақын. Демек, ақымақ. Ана Қалижан Бекқожинді білесің ғой?» «Білем». «Ақын ғой, ақын» (туған иісі ғой). «Ақымақ па, ақымақ. Одан да сен маған шәкірт бол» деді. Мен де сөзге келмей, «болам» дедім. Ендеше бұл жайында тірі жанға айтпайсың. Мені ұстаз еткен Әлекеңдей ұлы ұстаздарым бар еді, мен сол кісілерге қарыздармын. Оларға бүкіл қазақ халқы қарыздар» деді. Мен «Аймауытовты білемін, әңгімелерін оқығаным. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев...» деп айта бастап едім, «Ешкім естімесін, тірі жанға аузыңды ашпайсың, уақыты келгенде ақталады» деді. Одан кейін «Осы күнге дейін екі шәкірт дайындап едім, біреуі ауылға кетіп қалды, екіншісі құрыды» деп қысқа қайырды. Меніңше, біреуі Зарқын Тайшыбай болуы керек, екіншісі – Әділғазы Рақымжанов. «Енді уақыт аз қалды, шәкірттікке сені дайындаймын» деді. Содан уақыт оздырмай Тауман Амандосовқа алып барды. Ол кісі мені көре салысымен «Жұртбаев, саған жатақхана жоқ» деп маңына жолатқысы келмеп еді, Қайыржан ағай бірден: «Мына бала бүгіннен бастап менің шәкіртім, бұ балада жұмыстарың болмасын» деді. «Жұмыс сол

ма, иә». «Болды, болды, Қайреке». Екеуара әңгіме осылай өрбіді.

Амандосов ағайымыз Тұрымтай Дүйсебаеваны шақыртып алды да, «Жұртбаев сабаққа келе ме, келмей ме, шаруаларың болмасын» деді. Мені сабақтан босатып, кітапханаға жіберейін деп тұр ғой, оны ішім сезді. Одан желкелеп Қожакеевке алып келді. Темкең де мені көре салысымен «Әй, Жұртбаев, атақты Жұртбаев тағы да сен бе? Осы сен жүрген жер оңбайды» деп айтып үлгеріп еді, ол кісіге де «Мынау менің шәкіртім, сабаққа келе ме, келмей ме, шаруаларың болмасын» деп нық айтты. Амандосов та, Қожакеев те Бекқожиннің шәкірті ғой, екеуі де ұстазына қарсы келмеді, «Жақсы, Қайреке» деп шығарып салды. Бұл енді маған жақсы болды. Сабаққа Жұртбаев үшін профессор Бекқожин келеді. Рақат. Енді кетуге ыңғайлана беріп едім, желкемнен алды да, Жолдасбековтің кабинетіне алып барды. Өмірбек Арсланұлы орнынан атып тұрып амандасты. Екеуі аз-кем әңгімелесті. Соңынан Бекқожин мені нұсқап, «Әнеүкүнгі айтқан бала» деді. Демек, олар алдын ала ақылдасып, келіскен ғой. Содан хатшысын шақырып алып, «Дәулетоваға хат жаз» деп тапсырма берді. Сөйтіп, қазіргі Ұлттық кітапхананың арнайы қорына (ҰҚК) рұқсат

алып берді. Содан бірінші курсты бітіргенімде алаштанудан емтихан алды. Көп ұзамай ұстазым ұсталып кетті. Сөйтіп, мен осы жолға, алаштануға ұлы ұстазымның арқасында келгенімді мақтан етемін. Ұлтқа бір керегі шәкірт пен ұстаз деп есептеймін.

Менің бүкіл өмірлік мақсат-жолымды ашқан университетіме дән ризамын. Өзіміз білім алып шыққан журналистика факультетінің негізін 1942-43 жылдары жаңа ғана мен ұстазым деп ризашылықпен еске алып отырған Қайыржан Нұрғожаұлы Бекқожиннің қалағаны осында білім алып жатқан әр шәкірт білуі тиіс. Тауман Амандосов пен Темірбек Қожакеев ол кісінің алғашқы шәкірттері. Мұны сіздер, бүгінгі ұрпақ, біле жүрсін деп айтып отырмын.

1987 жылы 13 қаңтарда ақын Олжас Сүлейменов «Ұстазыңа деген құрметіңді көрсететін кез келді. Алашордашыларды ақтау жөніндегі комиссияның кеңесіші боламын» деді. Ол кісі ұстазым екеуіміздің арамыздағы әңгімеден хабардар еді. 1987-88 жылдары Жоғарғы сотта Алаш мүшелерін ақтау комиссиясының жұмысын жүзеге асырдым. Соттың үкімі шықты. Сөйтіп, Қайрекең бастап кеткен жол бүкіл қазақ интеллигенциясының жүрегі арқылы тәуелсіздікке жол ашып, бүгінгі Алаш

идеясын алға ұсынды. Бір айта кетерлігі, біздің ұстаздарымыз социалистік қоғамда өмір сүріп, сол қоғамның ғалым-профессорлары болғанымен, таным-түйсігінде, берген тәлімінде Алаш идеясымен өмір сүрді. Сол идея – мәңгілік идея. Бір айтарым, қазақ халқы бар кезде Алаш идеясы өлмейді және қазақ халқын биік деңгейде көтереді деген ойдамын.

Бүгінгі журналистиканың да, баспасөздің де басты міндеті зор. Ол – ұлттық тәуелсіздікті және ұлттың рухани тәуелсіздік мүмкіндігін сақтап, жүзеге асыру. Бұл ретте өзіміздің алма-матер алтын ұямыз журналистика факультеті алдында тұрған жауапкершілік міндеті де зор. Біз оқып-білім алған осы факультетке қарыздармыз. Университет туы қашанда биік, Фараби университеті ұлттық ойлау жүйесінің алтын ұясы деп есептеймін.

Жоғарыда айтып өттім, біз бірге оқыған 53 жастың ішінде өз мамандығына қиянат жасағаны жоқ. Бәрі де қазақ баспасөзінде, әр деңгейде жұмыс істеді. Біздің арамыздан Асқар Егеубаев, Бақытжан Майтановтай ғылым докторлары шықты. Жүрсін Ерман, Несіпбек Айтұлы сынды қазақ ұлтының идея ұстарлары шықты. Журналистиканың жампозы Жанболат Аупбаев, қазақ журналистерін тәрбиелеген, қырық жыл бойы журналистиканың қыр-сырына баулыған ұстаз Намазалы Омашевты атап өтсем артық бола қоймас. Қалған курстастарым баспасөз саласында, оның ішінде телевидениеде қызмет еткендері көп. Солардың бірі – облыстық телевидениені басқарған Төлеген Берішбаев, өзгелері түрлі салада абыройлы қызмет етті. Мен курстастарым таңдаған мамандығына адал қызмет етті деп санаймын.

Сөз соңында айтарым, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – ұлттық ойлау жүйесін, ертеңге қанат қағып баратын алар асуын, өткен тарихын болжап зерттеуге мүмкіндік беретін бірегей университет. Егер университетті білім болмаса, кешегіні, бүгінгіні, ертеңгіні байланыстыра ұштастыратын, соған қозғалыс беретін лайықты мамандар даярланбаса, ондай ұлт ешқашан жоғары деңгейге көтерілмейді. Менің ойымша, Фараби университеті қазақ ұлтының ақыл-ойы, тәрбиесі, ғылымының болашақтағы кепілі болады деп есептеймін. Тоқсан жылдық мерейтойларыңыз құтты, қайырлы болсын. Әр шәкірт қазақ руханиятында ізін, сөзін, адал махаббатын қалдырса екен деп тілеймін.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Пенсильвания университеті білім грантын ұсынды

Жүздесуде ҚазҰУ-дың заң факультетінің деканы Уәлихан Ахатов: «Бүгінде жоғары білім беру мен академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша қос университет арасында ынтымақтастық табысты дамып келеді. Пенсильвания штаты университетінің біздің білім ордамызға білім беру грантын

ұсынуы осымен екінші жыл қайталанып отыр. Былтыр заң факультетінің үш студенті Пенсильвания штаты университетінде білім алып қайтқан болатын. Бұл біз үшін жетістік», – деп атап өтті.

Өз кезегінде сөз алған Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебінің деканы Сти-

вен Барнс: «Біз ынтымақтастығымызды нығайту мақсатында ҚазҰУ студенттерін АҚШ-қа шақырамыз. Заң факультетінің бакалавриатында оқитын 3-курс студенттері төртінші курстарын оқу үшін біздің университетке келеді. Сонда үш жылды ҚазҰУ-да оқып, бір жылды АҚШ-та оқи-

ды. Нәтижесінде осы төрт жыл ішінде бакалавриат бойынша ҚазҰУ-дың және магистратура бойынша Penn state (Пенсильвания) университетінің дипломын алады. Білім алушы жастардың оқу ақысын АҚШ тарапы төлейтін болады», – деді.

Сондай-ақ ол жиында Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебінің негізгі жетістіктерін атап, жиналғандарды басқа да білім беру бағдарламаларымен таныстырды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

АҚШ-тың Пенсильвания штаты университетінің Құқық мектебі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінің студенттеріне бес білім беру грантын бөлді. Бұл туралы АҚШ-тың Пенсильвания штаты университеті Құқық мектебінің деканы Стивен Барнстың заң факультетінің студенттерімен кездесуінде айтылды.

Ермек Әубәкіров С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті химия факультетінің 1986 жылғы түлегі. Университетті бітіргеннен кейін жолдамамен Шығыс Қазақстан облысындағы «Востказгеология» бірлестігінің аналитикалық лабораториясында инженер-химик, кейіннен туған жері Зайсан ауданында орта мектеп мұғалімі болды. Зайсан аудандық комсомол комитетінде бөлім меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі қызметтерінде ұжымды басқару, ұйымдастыру қабілетін шыңдады.



гия университетімен де жүзеге асырылып, 15 түлек қосдипломды маман атанды.

Е.Әубәкіров басқарған кафедра университеттегі 66 кафедраның ішінде үнемі 5-10 орында келеді. Жеке кафедра меңгерушісі ретінде рейтингте де алғашқы ондыққа енеді. Бұл көрсеткіштер кафедра меңгерушісінің ұйымдастырушылық қабілетінің, дұрыс жоспарлай алуымен сапалы әрі нәтижелі жетістікке жетудегі іскерлігі, талапшылдығы, нәтижеге жету жолдарын айқындап, біте қайнасып

Желден жүйрік Жандос ағай



Салауатты өмір салты мен денсаулықты насихаттаған Орталық Азиядағы ең ірі спорттық шара – Алматы марафоны болып өтті. Бұл спорттық шара Алматы қаласында 2012 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Алғашында оған 500 алматылық спортшы қатысса, 13-ші рет өткізіліп отырған бұл халықаралық сайысқа әлемнің 60-қа жуық елінен 16,5 мыңнан астам спортсүйерлер қатысты. Дәстүрлі Алматы марафоны спорттық шара ғана емес, қайырымдылық бастама ретінде де танылған.

Алматы марафоны туралы не білеміз?

Жарыс бірнеше қашықтықты қамтиды: Ең ұзағы – 42,2 км. Кәсіби спортшылар мен марафонға дайындалған әуесқойлар үшін өте қолайлы. Орта қашықтық – 21,1 км. Бұл кәсіби спортшылармен қатар, спортты сүйетін әуесқойлар арасында кең танымал. Үшінші қашықтық – 10 км және 5 км. Бұл қашықтықтар – денсаулығын шыңдағысы келетін кез келген адамға арналған. Алматы марафоны 2013 жылдан бері AIMS (Халықаралық марафон және жүгіру ассоциациясы) тізіміне енеді.

Аталған ауқымды іс-шараға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Жандос Құмғанбаев та қатысты. 38 жастағы Жандос Жұмалбекұлы орта қашықтықтағы 21,1 шақырымды 2 сағат 20 минутта жүгіріп өтіп, университет намысын қорғады. Сөйтіп, ұстазымыз жарыс жеңімпаздарының қатарынан көрінді. Бұл марафон Жандос Жұмалбекұлы үшін тек спорттық сайыс қана емес, сондай-ақ университет ұжымының абыройын асқақтатқан оқиға болды. Физикалық дайындықтан бөлек, рухани әлеуетті қажет ететін бұл жеңіс ұстаздың білімі мен тәжірибесінің жоғары екенін көрсетсе, қиындықтарға төтеп беруі оның спортта да жоғары жетістіктерге жете алатынын дәлелдеді.

Жандос Жұмалбекұлы 1986 жылы 18 қаңтарда Жамбыл облысы Байзақ ауданының Дикан ауылында дүниеге келген. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да жас ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеу жолында тынбай еңбек етіп, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда белсенділік танытып жүр. Студенттерге жетекшілік қызметімен қатар, ғылыми-зерттеу жұмыстарын да ұтымды ұйымдастырып, факультеттің дамуына оңықпал етуде. Ж.Құмғанбаев бірнеше ұжымдық монографияның, 20-дан астам ғылыми мақаланың және Scopus базасындағы журналдарда жарық көрген мақалалардың авторы. Доцент Жандос Жұмалбекұлы өзінің Алматы марафонындағы бұл жеңісін 1 қазанда алғаш рет елімізде аталып өткен Жоғары білім қызметкерлері күніне орай, факультет ұстаздарына арнады.

Мөлдір РАХМЕТОВА,
«Тарих» мамандығының
1-курс магистранты

Каталитик-ғалымның биік белесі

Оқытушылыққа бет бұру мақсатында Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институты Химия кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, ал 1997-99 жж. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті жаратылыстану және нақты ғылымдар факультетінің деканы қызметін атқарды. Ғылымға ден қою ҚазҰУ аспирантурасын бітіріп, «Өнеркәсіптік маңызды амин өнімдерін каталитикалық синтездеу әдістерін әзірлеу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаудан басталды. Оқу, ғылым саласында тәжірибе жинақтаған соң, Ермек Айтқазыұлы 2000 жылдан бастап ҚазҰУ доценті, профессоры болып қызмет істейді. 2009 жылы каталитик мамандығы бойынша «Көмірді сұйылту, каталитикалық гидрогенизациялық процестерді қолдана отырып, көмір дистилляттарынан мотор отындарын және техникалық өнімдерді алу» тақырыбы бойынша докторлық диссертация қорғады. 2001-03 жылдар аралығында Е.Әубәкіров химия факультеті деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, ал 2009-10 оқу жылында ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. 2010 жылдан бері алғаш Каталитик және мұнайхимия кафедрасының, ал 2014 жылдан бері Физикалық химия, каталитик және мұнайхимия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

Ермек Айтқазыұлы – нәзік органикалық синтез, гетерогенді каталит, ҚР көмірсүзеткі шикізаты мен қалдықтарды, сондай-ақ ауыр мұнай қалдықтарын бағалы техникалық өнімдерге және отын дистилляттарына көшенді өңдеу технологиясы саласындағы жетекші ғалым. Оның жетекшілігімен үш химия ғылымының кандидаты және екі PhD дайындалды.

Көпжылғы ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Жалпы химиялық технология» оқулығы, 40 оқу құралы, 4 ғылыми монография түрінде, 300-ден астам ғылыми мақала, оның ішінде 42 ғылыми мақала халықаралық Scopus базасындағы импакт факторы жоғары ғылыми журналдарда жарияланған. Ғалымдардың ғылыми жетістіктерін бағалайтын және сол арқылы ғалымдар арасындағы рейтингтік көрсеткішін көрсететін Хирш индексі 10-ға тең. Өнертабысқа 15 патент алынған.

Профессор Ермек Айтқазыұлы «Жалпы химиялық технология», «Каталитикалық химия» және т.б. базалық пәндерден дәріс оқиды. Ғылыми-педагогикалық әлеуетін жетілдіру мақсатында Ресейдің Г.О.Боресков атындағы Каталитик ғылыми-зерттеу институтында, каталитик ғылымының негізі қаланған Ұлыбританияның Лондон, Эдинбург қалаларындағы ғылыми-зерттеу орталықтарында ғылыми тағылымдамалардан өткен. Бүгінде Физикалық химия, каталитик және мұнайхимия кафедрасының меңгерушісі ретінде «Мұнай-газ ісі» мамандықтарына магистратура және докторантура деңгейінде білім беру бағдарламаларын жасап, еліміздің мұнайлы өңірлеріне сапалы мамандар даярлауға тынбай еңбек етуде. Осы оқу жылында «Мұнайхимия және химмотология» мамандығын бакалавриат деңгейінде, сонымен бірге гранттық қаржыландыру арқылы конкурстан ұтып

алған ғылыми жоба есебінен «Мұнайхимия» ғылыми-зерттеу зертханасын ашып, заманауи мұнайхимия саласына қажетті құрал-жабдықтармен (мамандармен бірге) жабдықтады.

2013 жылдан бері дәстүрлі түрде жыл сайын Ресейдің Новосібір мемлекеттік техникалық университетінің ғалымдарымен бірге «Функционалды материалдардың химиялық технологиясы» атты халықаралық Ресей – Қазақстан ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырып, болашағын үмітті жас ғалымдардың химиялық технология, мұнайхимиядағы каталитик, химиялық өндірістің үдерістері мен аппараттары бағыттарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын талқыға салып, өзекті мәселелерді шешу жолында құнды пікірлер мен ұсыныстар беріп келеді. Профессор ресейлік әріптестерімен тынымсыз еңбек етіп, конференция материалдары бойынша үздік деп танылған жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін халықаралық Scopus базасындағы ғылыми журналдарға жариялайды.

Алғашқылардың бірі болып Физикалық химия, каталитик және мұнайхимия кафедрасында Францияның рейтингі жоғары Бернард Клаудио Лион-1 университетінде магистратура деңгейінде «Мұнайхимия» мамандығы бойынша қосдипломдық бағдарлама жасалып, 10 магистрант бітіріп шықты. Олар Франция мен Қазақстан дипломдарын алып, алды еліміздегі ірі мұнай-газ саласында жемісті еңбек етуде. Мұндай бағдарлама «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша Францияның Лотарин-

атқара алу қабілеті екені сөзсіз.

Профессор Е.Әубәкіров «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2015» грантының, «ҚазҰУ-ға – 80 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері. ҚР ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ермек Айтқазыұлы ұлағатты ұстаз, ғылым докторы, профессор ғана емес, сонымен қатар жақсы отбасының ұйытқысы, ақылшысы. Жан жары Азия Секенқызы – жоғары білікті дәрігер. Үлкен ұлы Әлішер IT саласының маманы болса, келіні Мерей – экономист-қаржыгер, бүгінде жеке кәсіппен айналысады, екеуінен үш немере сүйіп отырған аяулы ата-әже. Кішісі Мирас – су добынан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ұзақ жылдар ұлттық құрама сапында өнер көрсетіп, Азия ойындарының чемпионы, Азия чемпионатының бірнеше дүркін жүлдегері, еліміздің және спартакиаданың бірнеше дүркін чемпионы, «Үздік шабуылшы» номинациясының иегері, бүгінде Америкада әуесқой спортшылардың жаттықтырушысы, келіні Әнел – туризм саласының маманы.

Физикалық химия, каталитик және мұнайхимия кафедрасының ұжымы Ермек Айтқазыұлын мерейтойымен шын жүректен құттықтап, жаңа кәсіби жетістіктер мен толағай шығармашылық табыстар тілейді. Қазақта «Алпыс – тал түс» деген сөз бар, алар асу өлі де көп екеніне сеніміміз мол.


Жәния ЕШОВА,
доцент

Нұрбүбі ЖАКИРОВА,
аға оқытушы

Қазір ұялы телефон адамның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Смартфондар коммуникация, ақпаратқа қол жеткізу, жұмыс істеу, тіпті бос уақытты өткізу үшін негізгі құралға айналып отыр. Дегенмен оның өмірімізге қаншалықты әсер етіп жатқанын ойладық па?

Күніне сіз телефон «шұқылауға» қанша уақыт шығындайсыз және сол уақытты тиімді өткізесіз бе?

Телефонның адам өміріне әсері қандай?



Шынын айтқанда, бүгінгі күннің басты проблемаларының бірі телефонға шамадан тыс тәуелділік болып отыр. Бұл психикамызға, ұйқымызға қатты әсер етуде. Бұқаралық ақпарат құралдарынан жаңалық немесе басқа да көңіл күй көтеретін роликтер қарағанда олар 15-30 секунд сайын жеңіл түрде ауысып отыратынын білеміз. Ол біздің миымыздағы дофамин гормонының бөлінуіне әсер етеді. Әрі ол мезеттік ләззат сезімін туындатады. Сол арқылы біз өзіміздің шынайы өмірімізден, қиындықтардан қашуға тырысамыз.

Көптеген адамдар телефонды түнде ұзақ қолданғаннан кейін ұйықтау қиын екенін байқаған. Оның негізгі себебі – телефон экранынан бөлінетін көк жарық. Бұл жарық миды ояу күйде ұстап, мелатонин гормонының бөлінуін тежейді. Мелатонин – денені ұйқыға дайындайтын табиғи гормон, ал оның төмендеуі ұйқының сапасын нашарлатып, ұйқысыздыққа алып келуі мүмкін.

Осыған орай, мамандар телефонды ұйқы алдында кем дегенде бір сағат бұрын қолдануды тоқтатуды ұсынады. Бұл уақыт ішінде дене ұйқыға бейімделіп, сананы тыныштандыруға мүмкіндік алады.

Кортизол – бұл біздің ағзамызда стресс кезінде бөлінетін гормон, ол энергияны тез жұмсауға жауап береді. Алайда оның жоғары деңгейі ұзақ мерзімді стресс пен шаршауға алып келеді. Таңертең оянған кезде ағзамыз кортизолды табиғи түрде бөле бастайды, бұл дененің оянуына және күннің жұмысына дайын болуға көмектеседі.

Егер адам оянған бойда телефонды қолдана бастаса, бұл кортизол деңгейінің жылдам көтерілуіне ықпал етеді. Әлеуметтік желі, жаңалықтар немесе электрондық поштадағы хабарламалар стрестік жағдай туғызуы мүмкін. Бұл ояна салысымен психологиялық күйзеліс тудыруы ықтимал.

Мамандардың айтуынша, оянған соң 15 минут бойы телефонды қолданбау ағзаға табиғи жолмен оянуға мүмкіндік береді. Осы уақыт ішінде дене мен сана тыныш күйде қалады және жаңа күнге бейімделуге уақыт береді.

Телефонды қалай дұрыс қолдану керек? Телефонның ұйқы мен психологиялық денсаулыққа кері әсерін азайту үшін оның қолдану уақытын дұрыс реттеу маңызды. Осыған орай, біз төменде бірнеше қарапайым, бірақ тиімді кеңес ұсынамыз.

1. Ұйқы алдында телефонға жоламау. Көк жарықтың мелатонинге әсерін болдырмау үшін ұйқыға бір сағат қалғанда телефонды өшіру немесе басқа белмеге қою қажет.

2. Оянған соң бірден телефонды қолданбау. Таңертең алғашқы 15-30 минут ішінде телефонды қолданбау күнді тыныш өткізуге әрі өзіңізді дұрыс басқаруға көмектеседі.

3. Телефонды саналы қолдану. Күні бойы телефонды мақсатты түрде пайдалану. Әрбір хабарламаға немесе қоңырауға жауап беруді міндет деп санамау, керісінше, өз уақытыңды дұрыс игеріп, телефонға емес, маңызды істерге назар аудару.

Қорыта айтқанда, телефон қоғамның ажырамас бөлігі әрі оның біздің өмірімізге тигізетін әсері айтарлықтай. Дегенмен телефонды дұрыс және саналы пайдалану арқылы оның жағымсыз әсерін азайтып, артықшылығын барынша пайдалана аламыз. Ең бастысы, технологияны бақылай отырып, жеке уақыт пен денсаулықты сақтауды ұмытпауымыз керек.

Толқын БОРАНБАЙҚЫЗЫ,
Қоғамдық денсаулық сақтау жоғарғы мектебі кафедрасының оқытушысы

Адам папиллома вирусы және одан қорғану жолдары

Адам папиллома вирусы дегеніміз не және одан өзімізді қалай қорғаймыз? Бұл вирус жиі кездеседі. Негізінен, вирусты жыныстық қатынас барысында жұқтырады, сонымен қатар тұрмыстық жағдайларда да жұқтыру мүмкіншілігі жоғары. Көбіне вирусты жұқтырғанда (жұқтырған) адам бұл вируспен зақымданғанын білмей де қалады, өйткені вирус өзінің клиникалық көріністерін айқын көрсетпеуі де мүмкін.

Папиллома вирусы немесе адам папиллома вирусы (АПВ) – папиллома вирустық топтардан құралған. Бес тұқымдастықтан шыққан 27 түрі кездеседі, 200-ден астам типтес вирустық топ, вирустың кейбір штамдары онкология тудыруы мүмкін.

Адам папиллома вирусы (АПВ) – өзімен-өзі кетіп қалмай, жатыр мойнының жасушаларына көптеген өзгерістер алып келуі мүмкін. Сондай-ақ рақалды қабынуларға да, уақтылы емделмеген жағдайда жатыр мойны обырына алып келуі мүмкін. Статистикаға сүйінсек, папиллома вирусын жұқтырған адамдарда инкубациялық кезең бірнеше айлардан 10-15 жылдың ішінде жатыр мойны обырының өршуіне алып келуі мүмкін. Ең қауіп тудыратыны – 6, 11, 16, 18 тұқымдастықтан туындайтын вирустар тобы.

Адам папиллома вирусын қалай анықтауға болады? Вирус папилломасы терінің шырышты, кілегейлі қабықтарында білінбейтін кішкене өсінділердің пайда болуымен ерекшеленеді. Жыныстық мүшелердің шырышты қабаттарында да үшкірленген кондиломалар, өсінділер байқалуы ықтимал. Теріде сүйел, ұшық, өсінділердің пайда болуымен ерекшеленеді. Уақтылы емделмесе осы айтылған жатыр мойны обырына алып келуі мүмкін. Жұғу жолдары – тұрмыста жанасқанда, жыныстық жолмен, жүкті әйелден ішіндегі балаға жұғады. Осыған орай, дәрігерлер дабыл қағуда. Өйткені статистикаға сүйенсек, Қазақстанда жатыр мойны обыры таралуы бойынша барлық жастағы әйелдердің арасында сүт безі обырынан кейін екінші орында тұр және 25-44 жас аралығындағы әйелдерде көп кездесіп, өлім-жітімге алып келуде. Қазақстанда



Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №11 қаулысында атаналардың (заңды өкілдерінің) ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін 12 жастан бастап, 13 жас 11 ай 29 күнді қоса алғанға дейінгі жастағы қыздарға АПВ-ға қарсы толықтыра вакцинациялау жүргізілетінін хабардар етеміз.

жыл сайын 1900-ға жуық әйел жатыр мойны обырымен тіркеліп, жылына 600-ден астам әйел осы кеселден қайтыс болуда.

Арудың алдын алу шаралары:

- күмәнді адамдармен жыныстық қатынасқа түспеу;

- иммунитетке мән беру, жыныстық ағзаларды таза ұстау, жарақат алмауға, қабынуға жол бермеу. Адамның иммунитеті жоғары болса, вирусты әлсіретіп басып жоюы мүмкін. Ал егер иммунитеті күрт төмендесе, онда вирустың әсері жоғарылап, асқынуларға алып келуі ықтимал;

- әйел адамдарға уақтылы, жылына екі рет дәрігерге көрініп, тиісті зертханалық зерттеуге анализ тапсырып отырғандары дұрыс;

- ең бастысы, АПВ-ны алдын алудың негізгі жолы – вирусқа қарсы екпе алу.

Адам папиллома вирусына қарсы вакцина жатыр мойны обырынан қорғайды, сонымен қатар адам вирус папилломасына қарсы вакцина әйелдің бала туу қабілетіне әсер етпейді.

АПВ-ға қарсы вакцинациялау өлемнің 135 елінде жүргізіледі, сондай-ақ

көршілес елдерде, 2013-14 жылдардан бастап Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түрікменстанда, Ресейде де жүргізілуде. Әлемдік деңгейде АПВ-ға қарсы вакцина өзінің тиімділігін дәлелдеген. Сонымен бірге жасөспірім қыздар арасында вакцинациялаудан кейінгі жағымсыз реакциялар тудырғаны жөнінде дәйек тіркелмеген.

Қазақстанда адам папиллома вирусына қарсы вакцинациялау 11 жастағы қыздарға жасалады. Себебі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша АПВ вакцинасын ерте жаста, яғни 9-14 жас аралығындағы жасөспірім қыздар арасында қолдану барынша тиімді.

Вакцина білім беру ұйымдарындағы егу кабинеттері арқылы тегін жүргізіледі. Вакцинациялауға ата-анасынан немесе қамқоршыларының ақпараттандырылған келісімдерімен жүргізіледі. Сонымен қатар вакцинациялауға денсаулығында ақауы жоқ, сау балаларға дәрігердің тексерулерінен кейін, қарсы көрсетілімдері болмаған жағдайда жүргізіледі. АПВ вакцинасы иммунитеті төмендеп, әлсіреген адамдар үшін де қауіпсіз. Вакцинация Гардасил вакцинасымен жүргізіледі, алты ай интервалымен екі рет егіледі.

Тағы бір қуантатын жайт, Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №11 қаулысында атаналардың (заңды өкілдерінің) ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін 12 жастан бастап, 13 жас 11 ай 29 күнді қоса алғанға дейінгі жастағы қыздарға АПВ-ға қарсы толықтыра вакцинациялау жүргізілетінін хабардар етеміз.

Жасөспірім қыздарға АПВ-ға қарсы вакцинациялау туралы шешім қабылдата отырып, сіз оларды болашақта онкологиядан қорғайсыз.

Асима ИСЕМБАЕВА,
Әуезов аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы
Алматы қаласы

В соответствии с приказом первого заместителя Министра обороны – начальника Генерального штаба Вооруженных Сил РК генерал-лейтенанта Камалетдинова «О проведении учебных сборов (профессиональной практики) студентов военных кафедр при организациях высшего и послевузовского образования РК в 2024 году» и Программами подготовки офицеров и сержантов запаса, на военной кафедре КазНУ имени Аль-Фараби проведен учебный сбор со студентами прошедшими полный курс обучения на военной кафедре.

Под контролем и в тесном взаимодействии с Департаментом военного образования и науки Министерства обороны РК практические занятия проходили с использованием учебно-материальной базы НАО «КазНУ имени Аль-Фараби», Военного института Сухопутных войск и Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи МО РК.

Руководство КазНУ оказывает всестороннюю материально-техническую и методическую помощь в качественной организации учебно-воспитательного процесса на учебных сборах студентов. В период, с 10 по 19 июля в учебном центре Военного института Сухопутных войск имени первого Министра обороны РК, героя Советского Союза, Халык Кахарманы генерала армии Нурмагамбетова С.К., студенты выполнили упражнения учебных стрельб из автомата АК-74 и пистолета Макарова. 17 июля 2024 года, студенты, обучающиеся по военно-учетным специальностям офицеров запаса ПВО Сухопутных войск, выполняли боевые стрельбы по задаче «Стрельба взвода с прицелом прямой наводкой по бронетранспортерам с короткой остановки». Боевая стрельба из зенитных установок ЗУ-23 выполнена в строгом соответствии с «Курсом стрельб соединений, воинских частей и подразделений войсковой ПВО».

Необходимо отметить, что в этом году для студентов на базе учебного центра Военного института Сухопутных войск был развернут полевой лагерь со всей необходимой инфраструктурой. В палаточном городке, где комфортно разместили наши учебные подразделения, в соответствии с уставными требованиями была организована внутренняя служба. Согласно распорядку дня проводились все мероприятия от утреннего подъема и зарядки до вечерней поверки и отбоя. Отдельно хотелось бы остановиться на организации питания студентов учебных сборов. В столовой батальона обеспечения полигона, по нормам довольствия для курсан-

тов готовилась качественная пища. Чистота и порядок в столовой, общая организация и внимательность персонала вызвали большую признательность курсантов.

Учебные сборы студентов военной кафедры



тов готовилась качественная пища. Чистота и порядок в столовой, общая организация и внимательность персонала вызвали большую признательность курсантов.

Перед учебными стрельбами были организованы занятия по изучению мер безопасности и огневые тренировки. Полноценные занятия по тактической, военно-инженерной и военно-медицинской подготовке проводились на тактических городках полигона, где студенты в полевых условиях осваивали военную науку побеждать! Насыщенной была программа воспитательной работы. Заместителями командиров рот и батальонов по воспитательной и идеологической работе проведены военно-исторические викторины, ежедневно агитаторы взводов проводили информирование личного состава, выпускались листки молнии и боевые листки. Красочно были оформлены стенды полевой комнаты информационно-воспитательной работы. С большим интересом студенты участвовали в итоговом смотре художественной самодеятельности подразделений, на который были приглашены военнослужащие срочной службы батальона обеспечения учебного процесса.

нормативы по поиску, обнаружению и уничтожению воздушных целей. Под руководством опытных преподавателей, ветеранов войск ПВО, учились разворачивать и сворачивать учебно-боевую технику, занимать стартовые и огневые позиции для отражения ударов воздушного противника.

По указанию начальника военной кафедры полковника запаса О.Ажимова, в целях качественной отработки практических вопросов по тактико-специальной подготовке на территории военной кафедры создано учебное тактическое поле, включающее в себя элементы опорного пункта мотострелкового взвода, окопы стрелков-зенитчиков, метео и топографические городки. С будущими военными метеорологами проводились практические занятия на метеорологической площадке факультета географии и природопользования университета. Студенты, будущие военные связисты ознакомились со средствами связи Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи.

Комплексный подход к организации проведения занятий с использованием учебно-материальной базы университета, Военного института Сухопутных войск,

Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи МО РК позволяет более прочно закрепить знания и практические навыки студентов обучающихся по различным военно-учетным специальностям.

С будущими военными юристами, военно-учетной специальности «Юрисконсультская работа», в соответствии



с меморандумом о сотрудничестве между военной кафедрой и Управлением военной полиции Алматинского гарнизона, в Управлении военной полиции проводились практические и показательные занятия. Первое занятие провел заместитель начальника Управления по воспитательной и идеологической работе подполковник Марат Иманбеков, рассказавший о истории создания органов военной полиции армии Казахстана, о их задачах в современных условиях. В Управлении военной полиции были проведены занятия по организации безопасности дорожного движения, патрульной-постовой службе и ее особенностях, караульной службе и работе военных дознавателей. Студенты ознакомились с вопросами функционирования гарнизонной гауптвахты. В военной прокуратуре и военном суде Алматинского гарнизона будущие военные юристы ознакомились с организацией прокурорского надзора и контроля. Для них руководством военной прокуратуры и военного суда гарнизона были прочитаны лекции об истории и современной деятельности органов военной прокуратуры и военного суда нашей страны.

Будущие военные психоло-

ги в управлении военной полиции Алматинского гарнизона провели социологический опрос военнослужащих срочной службы «преимущества армии в жизни солдата», в котором основным аспектом было выявление преимуществ службы в жизни солдат и выявление общих тенденций и взглядов общества на эту проблему, влияние армии на личное развитие солдата. Студенты, будущие офицеры воспитательных структур учебные сборы проходили в Алматинском филиале Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил и филиале Военно-исторического музея Вооруженных Сил Казахстана. Студенты были разделены на группы в зависимости от их квалификации. Отдельная группа студентов создала QR коды, чтобы посетители и гости музея более полно знакомилась с экспонатами музея, нашими студентами создавались новые макеты и оформлялись стенды и экспозиционные материалы. Также студенты работали с архивными материалами и помогали восстанавливать и описывать исторические документы.

На учебных сборах проводилась обширная программа военно-патриотических и культурно-досуговых мероприятий. Это военно-технические викторины, дебат-турниры, экскурсии по памятным местам города Алматы, психологические тренинги и другие агитационно-массовые и культурно-досуговые мероприятия. Актив учебных подразделений на плановой основе участвовали в проведении ежедневного информирования личного состава и подведения итогов боевого состязания между учебными взводами. Большой интерес у студентов вызвала работа редакторов боевых листов взводов и редколлегий стенных фотогазет подразделений.

По завершению учебных сборов сдавались выпускные экзамены, в ходе которых большинство студентов показали твердые знания по основным дисциплинам обучения. После выпускных экзаменов студенты в торжественной обстановке приняли военную присягу на верность Родине. Все проводимые учебно-воспитательные мероприятия были нацелены на качественную подготовку офицеров и сержантов запаса, подготовленных по военной специальности и настоящих патриотов Казахстана!

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

На химическом факультете производится обновление материально-технической базы посредством внедрения новейших образцов оборудования. Рады сообщить, что наш университет приобрел новые оборудования для 3D-печати фирмы Bambu Lab (A1 mini) и Anycubic (photon mono 2).

Основные особенности 3D-принтеров Bambu Lab позволяет печатать быстрее по

Химфак оснащается новыми оборудованьями

сравнению с традиционными FDM-принтерами, поддерживает до 16 материалов за одну печатную сессию с помощью системы автоматической подачи материалов, а также интегрирует искусственный интеллект.

LCD/Resin принтеры (с использованием фотополимерной смолы) — модели, такие



как Anycubic Photon Mono 2, предлагают высокое разрешение и детализацию, что делает их подходящими для создания сложных моделей, миниатюр и деталей с высокой точностью.

Теперь студенты специальностей «Технология фармацевтических производств» и «Химическая технология

органических веществ» факультета химии и химической технологии смогут получить дополнительные компетенции в работе с передовыми технологиями 3D-принтинга. Это уникальная возможность расширить свои профессиональные навыки и применить современные методы в учебной и исследовательской деятельности.

Перизат УРКИМБАЕВА, к.х.н., доцент кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров

ҚазҰУ командасы –

BRICS-2024 суперкубогының жеңімпазы

ҚазҰУ-дың механика-математика және ақпараттық технологиялар факультеті факультеттерінің студенттері Қазан қаласында өткен BRICS-2024 суперкубок чемпионатында «Цифрлық өндіріс» бағыты бойынша 3-орынды және Қазақстаннан келген командалар арасында 1-орынды иеленді.



өндірістік, технологиялық және бизнес процестерді әзірлеу, интеграциялау, басқару, автоматтандыру және роботтандыру бойынша кәсіби білім мен дағдыларды қамтыды.

ҚазҰУ командасының құрамында механика-математика және ақпараттық технологиялар факультеттерінің студенттері: Ақниет Шаймарданов, Нұржан Дәменов, Жасұлан Молжігітов және Әлібек Ғалымов бар. Команда жетекшісі – сарапшы Александр Ким.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ларын таныстырды. ҚазҰУ командасының баяндамасы заманауи цифрлық жүйелер мен технологияларды, ML – машиналық оқытуды, IIoT – өнеркәсіптік заттар интернетін, Big Data – үлкен деректерді, AI-жасанды интеллекті пайдалана отырып,

BRICS+ Future Skills & Tech Challenge суперкубогы халықаралық чемпионатының финалдық кезеңі Қазан қаласында (РФ, Татарстан) өтті.

BRICS суперкубогына 16 BRICS+ елдерінен 500-ден астам қатысушы мен сарапшы қатысты. Оның ішінде Қазақстан, Әзірбайжан, Бразилия, Беларусь, Вьетнам, Гана, Үндістан, Иран, Қытай, Колумбия, Қырғызстан, Марокко, Ресей, Сальвадор, Филиппин және ОАР елдерінен де қатысушылар бар.

ҚазҰУ командасы «Цифрлық өндіріс» тақырыбында баяндама жасап, өз жоба-

Болашақ журналистер

әнші Жұбаныш Жексенұлымен кездесті

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің ұйымдастыруымен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақ эстрадасының танымал жұлдызы, әнші, сазгер Жұбаныш Жексенұлының шығармашылық кездесуі өтті.



Іс-шараға оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Жүздесуде музыкант өзінің өнер жолындағы естелігімен бөлісіп, табысқа жету жолында көрген ауыртпашылығы мен қуанышы жайында әңгімеледі. Жұбаныш Жексенұлы шығармашылықта табандылық, өзіне-өзі таныту, шынайы болу

маңызды екенін айта келе, жастарды тәжірибеден қорықпауға шақырды.

Студенттер әншіге белсенді түрде сұрақ қойып, жауап алды. Сондай-ақ музыка мен журналистикадағы қазіргі тенденциялар туралы пікіріне де қызығушылық танытты.

Жиын ортасында Жұбаныш Жексенұлы көрерменге арнайы әнін орындап, жиналғандарға қуаныш сыйлады.

Өнер иесінің әңгімесі студенттерді әсерлендіріп, жағымды эмоция мен одан әрі дамуға мотивация берді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Газетке жазылу индексі:
64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылдан астам уақыт тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

1 жылға	ҚАЛА		ауыл/аудан
	жеке тұлға	заңды тұлға	
	4910,04 теңге	7923,12 теңге	4910,04 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе, «QAZAQ UNIVERSITETI» газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 3227, 3228

Студенттер Құмбел шыңын бағындырды

Халықаралық туризм күні қарсаңында Рекреациялық география және туризм кафедрасы Іле Алатауының жақын маңдағы тау шыңдары тізбегіне кіретін Құмбел шыңына (3200 м.ғ. к.) көтерілуді ұйымдастырды.



Бұл шара Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналды.

Аталған іс-шараны кафедра «Буревестник» альпинизм секциясымен бірлесіп (жетекшісі – В.Жданов), ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының қолдауымен ұйымдастырды.

Жүзден астам адам қатысқан шараға шәкірттерімен бірге факультеттің куратор-эдвайзерлері: А.Бейсахмет, Б.Әділбай, А.Қалиева, Ж.Төкенова, сондай-ақ университет қызметкерлері қатысты.

Таулы жолды өту барысында география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Әлия Ақтымбаева жастардың белсенділігін атап, өткен жылмен салыстырғанда олардың саны екі есе артқанын айтты. Осы іс-шараны ұйымдастыруға атсалысып, қолдау көрсеткен туризм саласына еңбек сіңірген инструктор, Рекреациялық география және туризм кафедрасының доценті А.Артемьевке және университет басшылығына ерекше алғыс айтылды.

Гүл БАЯНДИНА